

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ө.А. Байқоңыров атындағы тау-кен металлургия институты

Металлургия және пайдалы қазбаларды байыту кафедрасы

ДАРИБАЕВА АСЕМ АНВАРКЫЗЫ

**ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА**

Тақырыбы: «Жезқазған мыс – қорғасын кенін байыту фабрикасының байыту бөлімінің жобасы. Жылдық өнімділігі 4 млн»

5B073700 – Пайдалы қазбаларды байыту мамандығы

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ө.А. байқоңыров атындағы тау-кен металлургия институты

Металлургия және пайдалы қазбаларды байыту кафедрасы



**ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ:**

МжПҚБ кафедрасының меңгерушісі  
техника ғылымдарының кандидаты

М.Б. Барменшинова  
« 17 » 05 2019 ж.

### ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА

Тақырыбы: «Жезқазған мыс – қорғасын кенін байыту фабрикасының байыту бөлімінің жобасы. Жылдық өнімділігі 4 млн»

5B073700 – Пайдалы қазбаларды байыту мамандығы

Орындаған:

Дарибаева Асем Анварқызы

Ғылыми жетекші:

PhD доктор, сениор-лектор

А.Р. Мамбеталиева

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ө.А. Байқоңыров атындағы тау-кен металлургия институты

Металлургия және пайдалы қазбаларды байыту кафедрасы



МжПҚБ кафедрасының меңгерушісі  
техника ғылымдарының кандидаты  
М.Б. Барменшинова  
« \_\_\_\_\_ » 20\_\_ ж.

**Дипломдық жобаны  
орындауға  
ТАПСЫРМА**

Студент: Дарибаева Асем Анварқызы

Тақырыбы: «Жезқазған мыс – қорғасын кенін байыту фабрикасының байыту бөлімінің жобасы. Жылдық өнімділігі 4 млн»

Университет ректорының № 1113-8 «28» 10.2018 ж. бұйрығымен бекітілді.

Толық жобаны тапсыру мерзімі: «23» сентябрь 2019 ж.

Дипломдық жобаға бастапқы мәліметтер: Дипломалды тәжірибеден мәліметтер

Дипломдық жобада орындау қажет болған мәселелер тізімі:

- а) Технологиялық шешімдерді жасау; б) Негізгі және қосалқы құрылғыны таңдау және есептеу; в) Технологиялық процестерді қауіпсіз жүргізу бойынша іс-шаралар жүргізу; г) Жобаның экономикалық бөлімі.

Графикалық материалдар тізімі (міндетті сызбаларды нақты көрсетумен): жалпы жоспар; құрылғыны цехте орналастыру – жоспары, қималары; қайта өңдеудің технологиялық сұлбасы.

Ұсынылатын негізгі әдебиеттер:

1. А.А. Абрамов Технология переработки и обогащения руд цветных металлов. М: Изд. МГГУ, 2005.
2. Қ.Т. Көшербаев Флотациялық байыту әдістері – Алматы 2012
3. Қ.Т. Көшербаев Кен байыту негіздері – Алматы 2011.
4. Ю.Г. Сажин Расчеты схем рудоподготовки и выбор оборудования для дробления, грохочения, измельчения и классификации – Алматы 2005.

Дипломдық жобаны дайындау  
КЕСТЕСІ

Бөлімдердің атауы, игерілетін мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшіге көрсету мерзімдері	Ескертпе
Технологиялық сұлбаны негіздеу және есептеу	4.03.2019 - 11.03.2019	<i>Арындарды</i>
Құрылығны таңдау және есептеу	11.03.2019 –20.03.2018	<i>Арындарды</i>
Сызбаларды дайындау	26.03.2019 –39.03.2019	<i>Арындарды</i>
Қауіпсіздік және еңбек қорғау	25.03.2019 – 19.04.2019	<i>Арындарды</i>
Техникалық-экономикалық есептеулер	25.04.2019 – 19.04.2019	<i>Арындарды</i>
Түсіндірме жазбаны рәсімдеу	1.05.2019 – 14.05.2019	<i>Арындарды</i>

Жобаның қатысты бөлімін көрсету мен толық дипломдық жобаға кеңесшілер мен норма бақылаушының  
Қолдары

Бөлімдердің атауы	Ғылыми жетекші, кеңесшілердің аты-жөні (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол кою күні	Қолы
Экономикалық бөлім	PhD доктор, сениор лекторы А.Р.Мамбеталиева	17.06.2019	<i>А.Р.Мамбеталиева</i>
Қауіпсіздік және еңбек қорғау бөлімі	PhD доктор, сениор лекторы А.Р.Мамбеталиева	17.06.2019	<i>А.Р.Мамбеталиева</i>
Норма бақылау	М және ПҚБ каф. лекторы И.Ю.Мотовилов	17.05.2019	<i>И.Ю.Мотовилов</i>

Ғылыми жетекші *А.Р.Мамбеталиева* А.Р. Мамбеталиева

Тапсырманы орындауға қабылдады *А.А.Дарибаева* А.А. Дарибаева

Күні және қолы « 17 » *мамыр* 2019ж.

## Протокол анализа Отчета подобия Научным руководителем

Заявляю, что я ознакомился(-ась) с Полным отчетом подобия, который был сгенерирован Системой выявления и предотвращения плагиата в отношении работы:

**Автор:** Дарибаева Асем Анваркызы

**Название:** Жезгазганммыс коргасын кенін байыту фабрикасынын байыту бөлімінің жобасы

**Координатор:** Алима Мамбеталиева

**Коэффициент подобия 1:**14,3

**Коэффициент подобия 2:**4,5

**Тревога:**83

**После анализа Отчета подобия констатирую следующее:**

- обнаруженные в работе заимствования являются добросовестными и не обладают признаками плагиата. В связи с чем, признаю работу самостоятельной и допускаю ее к защите;
- обнаруженные в работе заимствования не обладают признаками плагиата, но их чрезмерное количество вызывает сомнения в отношении ценности работы по существу и отсутствием самостоятельности ее автора. В связи с чем, работа должна быть вновь отредактирована с целью ограничения заимствований;
- обнаруженные в работе заимствования являются недобросовестными и обладают признаками плагиата, или в ней содержатся преднамеренные искажения текста, указывающие на попытки сокрытия недобросовестных заимствований. В связи с чем, не допускаю работу к защите.

Обоснование:

Выполненный дипломный проект студента  
Барыбасовой А.В. является самостоятельной  
вкладкой в работу, не обладающей  
зачисляемыми дипломный проект  
допускается к защите

Р.Р. проф. Мамбеталиева А.Р



Дата

Подпись Научного руководителя

## Протокол анализа Отчета подобия

заведующего кафедрой / начальника структурного подразделения

Заведующий кафедрой / начальник структурного подразделения заявляет, что ознакомился(-ась) с Полным отчетом подобия, который был сгенерирован Системой выявления и предотвращения плагиата в отношении работы:

**Автор:** Дарибаева Асем Анваркызы

**Название:** Жезгазганммыс коргасын кенін байыту фабрикасынын байыту бөлімінін жобасы

**Координатор:** Алима Мамбеталиева

**Коэффициент подобия 1:**14,3

**Коэффициент подобия 2:**4,5

**Тревога:**83

**После анализа отчета подобия заведующий кафедрой / начальник структурного подразделения констатирует следующее:**

- обнаруженные в работе заимствования являются добросовестными и не обладают признаками плагиата. В связи с чем, работа признается самостоятельной и допускается к защите;
- обнаруженные в работе заимствования не обладают признаками плагиата, но их чрезмерное количество вызывает сомнения в отношении ценности работы по существу и отсутствием самостоятельности ее автора. В связи с чем, работа должна быть вновь отредактирована с целью ограничения заимствований;
- обнаруженные в работе заимствования являются недобросовестными и обладают признаками плагиата, или в ней содержатся преднамеренные искажения текста, указывающие на попытки сокрытия недобросовестных заимствований. В связи с чем, работа не допускается к защите.

Обоснование:

.....  
.....  
.....  
.....  
.....  
.....  
.....  
.....  
.....  
.....  
.....  
.....  
.....

.....  
.....  
.....  
.....  
.....  
.....  
.....  
.....  
.....  
.....  
.....  
.....  
.....  
.....  
.....

Дата

.....  
.....  
.....  
.....  
.....  
.....  
.....  
.....  
.....  
.....  
.....  
.....  
.....  
.....  
.....  
.....

Подпись заведующего кафедрой /

начальника структурного подразделения

Окончательное решение в отношении допуска к защите, включая обоснование:

Допуск к защите

14.05.2019

Дата

Фармашимова М.В.

Подпись заведующего кафедрой /

начальника структурного подразделения



**Ғылыми жетекшінің пікірі**

**ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА**

(жұмыс түрінің атауы)

**Дарибаева Асем Анварқызы**

(білім алушының Т.А.Ә.)

**5B073700 – Пайдалы қазбаларды байыту**

(мамандық атауы мен шифрі)

Тақырыбы: «Жезғазған мыс қорғасын кенін байыту фабрикасының байыту бөлімінің жобасы»

Орындалған дипломдық жобада Жезғазған мыс қорғасын кенін байыту фабрикасының мыс қорғасын кенін байытудағы технологиялық және су шлам схемаларын есептеумен қатар, фабрика жұмысына қажетті негізгі және қосалқы жабдықтар таңдалынып алынған. Мыс қорғасын кенін флотациялаудың принциптік схемасы көрсетілген. Жобада арнайы үрдістер мен техника экономика бөлімі және қауіпсіздік және еңбек қорғау, процестерді басқару бөлімдері қоршаған ортаны қорғау қарастырылған. Дипломдық жұмысты студентке берілген тақырыпқа сай жүргізілген. Сондай-ақ түсініктеме жазбада қажетті есептеулер мен жабдықтар таңдау жолдары толық келтірілген.

Жалпы дипломдық жоба толығымен орындалған және «өте жақсы» (А, 94 %) деген бағаға лайық. Дарибаева Асем Анварқызы Пайдалы қазбаларды байыту мамандығы бойынша білікті маман болуға дайын екенін көрсете алды және бакалавр дәрежесіне сай деп есептеймін.

**Ғылыми жетекші**  
ҚазҰТЗУ PhD доктор, сениор  
  
А.Р. Мамбеталиева

« 15 » *сәуір* 2019 ж.

ҚазҰТЗУ 706-16 Ү. Пікір

## АҢДАТПА

Бұл жасалған дипломдық жоба Жезқазған мыс қорғасын кенін байыту фабрикасының байыту бөлімінің жобасын дайындауға арналған. Жобада таңдалынып алынған кен полиметалды болғандықтан, қолданылатын байыту әдісі ретінде флотация әдісі алынды.

Жезқазған кен орнын өңдеуді «Қазақмыс» корпорациясы ЖШС филиалы «Жезқазғантүстімет» өндірістік бірлестігінің «Жезқазған байыту фабрикасы» жүргізеді. Қорлардың басым бөлігі сульфидті кендерден тұрады, тотықты кендер - 3%, аралас кендер – 2%. Кендегі кездесетін бағалы компонент мыстың үлесі 1,5%, қорғасынның үлесі – 2%.

Байытуға түсетін кенді, дайындау процестеріне жібереді, яғни ұсату цехына. Ұсату цехы құрамына: орта және майда, ұнтақтау, майда ұнтақтау процестеріне қажетті негізгі және көмекші жабдықтар есептелген және таңдалған.

Орындалған жобада технологиялық және су - шлам схемаларын есептеумен қатар, фабрика жұмысына қажетті дайындау процесінің негізгі және қосалқы жабдықтар толығымен есептеліп, таңдалынып алынған.

## АННОТАЦИЯ

Выполненный дипломный проект предназначен для подготовки проекта обогатительного отделения Жезказганской обогатительной фабрики медно-свинцовой руды.

В качестве основной применяемой технологической схемы выбран метод флотации. Процентная доля встречных запасов следующая: разработку Жезказганского месторождения осуществляет филиал ТОО Корпорация » Казахмыс « - » Жезказганская обогатительная фабрика «производственного объединения» Жезказганцветмет". Большая часть запасов состоит из сульфидных руд, окисленных руд-3%, смешанных руд-2%. Доля меди в руде ценного компонента составляет 0,9 %, свинца – 2%.

В состав цеха по измельчению исходной руды, поступающей на обогащение, были выбраны: среднее и мелкое дробление, а также процесс мелкого дробления, рассчитаны все необходимое технологическое основное и вспомогательное оборудование. В составе другой обогатительной фабрики этого цеха имеется хвостохранилище и отделение реагентов как отдельные подразделения.

В выполненном проекте, наряду с расчетом технологических и водно - шламовых схем, было выбрано и полностью рассчитано основное и вспомогательное оборудование процесса подготовки, необходимое для работы фабрики.

## ANNOTATION

Completed a thesis project designed to project preparation and processing branches of the Zhezkazgan concentrating factory copper-lead ore.

The flotation method was chosen as the main applied technological scheme. The percentage of counter-reserves is as follows: the development of Zhezkazgan field is carried out by the branch of LLP Corporation "Kazakhmys" - " Zhezgazgan concentrating factory "of the production Association" zhezkazgantsvetmet". Most of the reserves consist of sulfide ores, oxidized ores-3%, mixed ores-2%. The share of copper in the ore of the valuable component is 0,9%, lead-2%.

Part of a workshop for the grinding of the original ore fed to the enrichment, was selected: secondary and tertiary crushing, and fine crushing, designed all the necessary technological and auxiliary equipment. As part of another enrichment plant of the plant has a tailings and reagents Department as separate units.

In the completed project, along with the calculation of technological and water-slurry schemes, the main and auxiliary equipment of the preparation process necessary for the operation of the factory was selected and fully calculated.

## МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	9	
1	1 Жалпы түсініктеме жазба бөлім	10
1.1.	1.1 Кәсіпорынның қысқаша сипаттамасы	11
1.2.	1.2 Негізгі жобалық шешімдер	12
2.	Жобаланып отырған өндірістің технологиясы	14
2.1.	Шикізат базасы шикізат сипаттамасы	14
2.2.	Цехтардан жұмыс істеу режимдері және олардың өнімділігін	17
2.3.	есептеу	
2.4.	Ұсату схемасын таңдау және есептеу	19
2.5.	Ұнтақтау сұлбасын таңдау және есептеу	22
2.6.	Технологиялық схеманы, режимді және технологиялық	23
2.6.1.	көрсеткіштерді дәлелдеу және талдау	
3.2.1	Құмды және шламды фракцияларды жеке флотациялау	23
2.6.	Металл тепе-теңдігін және байытудың санды схемасын есептеу	22
2.7.	Флотацияның толық схемасын есептеу	24
2.7.1.	Сусыздандыру схемасы	28
2.8.	Су – шламды сұлбаны есептеу	29
2.9.	Негізгі жабдықтарды есептеу	34
2.9.1.	Сусыздандыру жабдықтарын таңдау және есептеу	35
2.9.2	Насостарды таңдау және есептеу	35
3	Қосалқы шаруашылық	36
3.1.	Реагенттік режим әр реагенттің қолдану орны	36
3.2.	Сынама алу және бақылау	37
3.3.	Бункерлер мен қоймалар	38
4.	Технико – экономикалық бөлім	39
4.1.	Бастапқы берілгендер	39
4.1.2.	Жұмыс жүргізуге арналған шығымдарды есептеу	39
4.1.3.	Цехтардың шығынын есептеу	39
4.1.4.	Өзіндік құн және шикізат өңдеу калькуляциясы	40
4.1.5.	Негізгі технико – экономикалық көрсеткіштерді есептеу	40
4.2.	Еңбекті ұйымдастыру	41
4.2.1.	Жалақы төлеу жүйесі	41
5.	Еңбек қорғау және қауіпсіздік	42
5.1.	Еңбек қорғау заңдары	42
5.2.	Қауіпті және зиянды факторларды анализдеу	42
6.	Қоршаған ортаны қорғау	42
6.1.	Ағынды сулар	44
6.2.	Су қоймаларын қорғау	44
	Қорытынды	45
	Пайдаланылған әдебиеттер	46

## КІРІСПЕ

Қазіргі таңда қолданылатын барлық салаларда жер қойнауынан алынатын минералдар үлкен рөл атқарады. Олардан кеталдар, химиялық заттар, отын түрлерін, құрылыс материалдарын алуға болады, яғни комплексті пайдаланылады. Бірақ, оларды өндіру үшін бастапқы жер қойнауынан шикізат көптеген өңдеу жұмыстарынан өтеді. Кен байыту процестері, кенді алдын – ала өңдеу үшін экономикалық тұрғыдан тиімді болады. Қазіргі таңда кездесетін пайдалы қазбалардың проценттік үлесі төмен болғандықтан тікелей металлургиялық өңдеуге жіберу тиімсіз. Металды кендер көбінесе комплексті болып кездеседі, олардың құрамынан жеке металдарды металлургиялық өңдеумен бөліп алу қиын. Сол себептен, кенді алдын ала байыту процестерімен өңдеп алу нәтижесінде пайалы заттар – минералдар түрінде жеке концентраттарға бөлініп, тиімді өңделеді.

Жобада қарастырылатын мыс – қорғасын кені полиметалды кендерге жатады. Полиметалды кендер ұсақ сеппелі және сульфидті түрде кездесетіндіктен, байыту әдісіне флотациялық байыту әдісін қолданған жөн.

Флотация әдісі ең көп тараған және универсалды процесс болып табылады. Бұл процесс минералдардың физико – химиялық қасиеттерінің айырмашылықтарына негізделген.

Флотация әдісімен бөліп алуға қажетті минералдар ұнтақталғаннан кейін бөлінеді. Ұнтақтау процесінің басты мақсаты бағалы минералдардың кендегі сепкілдігіне байланысты бос жыныс минералдарынан ажырату. Кен комплексті, яғни бірнеше бағалы минерал болғанда олардың бірінен бірін өз ара ажырату. Түсті металдар кендерінде барлығы дерлік ұсақ сепкілді түрде кездеседі. Егер сепкілдік дәрежесі, мысалы, 0,15-0,2 мм-ден артпаған жағдайда, соған сәйкес кен сол ірілікке дейін ұнтақталса басқа байыту әдістерімен бағалы минералдарды кеннен бөлу қиындайды, не тіпті мүмкін болмайды. Осыдан кендер тек флотациялау әдісімен байытылады.

Флотация процесінің негізі минералдардың ұнтақты түйіршіктерінің фазалар шекаралықтарында жиналуында және пульпадан бөлініп шығатын бір фазамен ( ауа көпіршігі не май тамшысы) бірге қалқып шығуына негізделген. Бұл процеске үш фаза қатысады: қатты зат, су және ауа. Егер үшінші фаза ретінде ауа көпіршіктері пайдаланылса көбікті, ал май тамшылары пайдаланылса майлы флотация деп аталады.

## 1 Жалпы түсініктеме жазба бөлім

### 1.1 Кәсіпорынның қысқаша сипаттамасы

Жобаланатын байыту фабриканың шикізат қоры болып саналатын, ол Жезқазған мыс кен орны. Жезқазған кен орнына 13 кен райондары кіреді, олар кеніштен радиус өлешемі 8 км құрайтын аймақтарда орналасқан.

Қазақстандағы Қарағанды облысындағы мыс - қорғасын кен орны, Сарысу өзенінің бассейнінде, Жезқазған қаласынан солтүстік-батысқа қарай 25 километр жерде орналасқан. Жезқазған кен орнындағы алғашқы отандық мис Қарсақпай комбинатын балқытылған. Мис кендерінің негізгі қорлары 300-350 м тереңдікте бастапқы сульфидті кендердің шоғырында шоғырланған. Негізгі кен минералдары: халькозин, борнит, галенит, сфалерит. Мыстан басқа кендерде қорғасын, мырыш, молибден, күміс бар.

Жезқазған мыс кен орындарының Тобы (Жезқазған, Итауыз, Сарыоба және т. б.) Жезқазған-Сарысу мұлдасының солтүстік бөлігінде орналасқан.

Жезқазған кен орнының кендері кешенді болып кездеседі, олардың ішінде басты пайдалы компонент - мис, қорғасын мен мырыш, ал қоспалардан - күміс пен рений; аз мөлшерде мышьяк, кадмий, висмут, кобальт, сынап, алтын, никель және молибден бар.

Мистың негізгі массасы үш минералдарда шоғырланған - халькопирит, борните және халькозин. Кен орнының жоғарғы горизонттарында басты рөлді халькопирит атқарады, борнит тереңірек басым, ең төменгі горизонттарда - халькозин. Төменгі деңгей жиектер үшін қорғасын мен мырыштың жоғары мөлшері тән. Мыс минералдарын ауыстырудың ұқсас тізбегі жекелеген кен денелерінде де байқалады; олардың орталық бөліктерінде халькозин басым. Периферияға қарай ол борнитпен, ал соңғысы өз кезегінде халькопиритпен ауыстырылады. Кен денелерінің шеткі бөліктері үшін қорғасын мен мырыш құрамының ұлғаюы тән.

Қорғасын минералдануы галенитпен, ал мырыш сфалеритпен (көбінесе клейофанмен) берілген. Күміс кендерде дербес минералдар түрінде (оның ішінде өзіндік күміс) немесе

сульфидтердің торларына изоморфты қоспа түрінде. Минералдар: галенит - халькопирит - борнит - халькозин.

Кен орнында кеңінен таралған. Кен минералдары құмтас және конгломераттар цементін, дала шпаттары мен тіпті кварц дәндерін алмастырады. Кеннің текстуралары жиі жолақ, сыйысымды жыныстардың ерекшеліктерімен анықталады. Аз кенді жыныстарда кен минералдары көбінесе ірі түйіршікті қабаттарда шоғырланады. Кен минералдары елеулі болған кезде бай айырмашылықтарда жыныстар көлемінің бір бөлігі, кен құрылымы массивке жақындап келеді, алайда, тіпті кен минералдарының орналасуында бастапқы жолақтылық орнатуға болады. Конгломераттарда кенденуі негізінен цементте шоғырланады, малтатас әдетте кенденбеген болып қалады.

Құрамы бойынша кендер арасында: 1) мыс, 2) кешенді (мыс-мырыш, мыс-қорғасын-мырыш және мыс-қорғасын); 3) мырыш және қорғасын-мырыш; 4) қорғасын бөлінеді. Кен орнының негізгі құндылығы мыс кендері болып табылады. Олар өз кезегінде сульфидті, аралас және тотыққан па болып бөлінеді. Тотыққан және аралас кендер жалпы санынан 2% - дан аз.

Кен орны жабық жер астылы әдіспен өңделінеді. Кен массасы фабрикаға сиымдылығы 100 тонналық думпкалармен тасымалданады. Кеніш жылына 305 күн жұмыс істейді, жұмыс алты сағаттық графикпен төрт ауысым кестісімен атқарылады. Кеннің кеніштен жеткізілуі тәулік бойында жүргізіледі.

Жезқазған кен орнындағы мыс кендері құмдықтар типтеске жатады. Кеннің қаттылығы профессор Протодяконовтың шкаласы бойынша 14-18, кеннің үйілімдегі салмағы 1,65-1,7 т/м<sup>3</sup>, үлесті салмағы 2,7 т/м<sup>3</sup> құраса, ылғалдылығы 5 %.

Негізгі кен минералдарына борнит 35-40 %, халькозин 30-35% және халькопирит 10-15 % жатады.

Бос жыныс минералдарына кварц, дала шпаттары, карбонаттар, хлориттер, серицит және саздық заттар кіреді. Құмдықтардағы кен минералдары бір-бірімен цементациялануы негізінде тығыз байланысқан, сол себептен кенде қиын байытылатын қауышпалар үлесі жоғары және олар біршама ұсақ ұнтақталынсада байытылуы қиын жүреді.

Ірілігі +0,21, +0,15, +0,10 мм кластардағы кен минералдары негізінде қауышпаланып кездеседі. Көп жағдайда мыс минералдарының қаттылығы бос жыныс минералдарына қарағанда төменірек болып келеді, сондықтан олар тез майдаланады. Мыстың келтірілген ірілік кластарындағы үлесі 0,65-0,7 % құрайды. Жер асты кендері сульфидтік кендер категориясына жатады. Кендегі тотыққан мыстың үлесі 5 %-ға дейін жетеді. Жезқазған мыс сульфидті кенінің химиялық талдауы (1.1) кестеде келтірілген.

1 кесте – Жезқазған кен орнының сульфидтік мыс кенінің химиялық талдауы

Элементтер және олардың қосылыстары	Үлесі, %
Мыс	0,9-1,6
Қорғасын	0,05-0,08
Мырыш	0,04-0,06
Темір	1,9-2,4
Кремнезем	
Алюминий тотығы	11,0-13,9
Магний тотығы	
Кальций тотығы	

Фабрикада өңделінетін кендерде мыстан басқа күміс және рений кездеседі, оларда мыспен бірге концентратқа бөлініп алынады. Күмістің концентратқа бөлініп алу дәрежесі, мыспен бірдей, ал ренийдің бөлініп алу дәрежесі төмен.



## 1.2 Негізгі жобалық шешімдер

Орындалған жобада таңдалнып алынған кеннің ерекшеліктеріне негізделе, сондай-ақ жұмыс жасап отырған фабриканың нәтижесіне сүйене, байыту процесіне флотация әдісі оңтайлы болғандықтан, осы әдісті таңдап алу тиімді. Байыту коллективті-селективті технологиялық сұлбадан тұрады. Бұл схема бойынша сұрыптау процесінен кейін мыс-қорғасынның негізгі флотациясы жүреді. Одан кейінгі бақылау процесінен шыққан камералық өнім екінші негізгі мыс – қорғасын флотациясына жіберіледі. Селективті байыту схемасын қолдану кен құрамындағы пайдалы компоненттердің сепкілдігінің біркелкі еместігіне тікелей байланысты сондықтан кен сатылы байытылады.

1.2 кесте – мыстың негізгі минералдарының сипаттамалары

Минерал аты	Формула	Мыстың үлесі, %	Тығыздығы, г/см <sup>3</sup>	Қаттылығы
Біріншілік сульфид Халькопирит	$CuFeS_2$	34,6	4,1 – 4,2	3 – 4
Туынды сульфидтер Халькозин Ковеллин Борнит	$Cu_2S$ $CuS$ $Cu_5FeS_4$	79,9 64,5 63,3	5,5-5,8 4,6-4,7 4,5-5,3	2,5-3 1,5-2 3
Сульфотұздар Тетраэдрит Теннантит	$Cu_{12}Sb_4S_{12}$ $Cu_{12}As_4S_{12}$	45-51 45-51	4,4-5,1 4,4-5,1	3,5-4 3,5-4
Тотықтар Куприт Тенорит	$Cu_2O$ $CuO$	88,8 79,9	5,8-6,2 5,8-6,4	3-4 3,5
Карбонаттар Малахит Азурит	$Cu_2(CO_3)(OH)_2$ $Cu_3(CO_3)_2(OH)_2$	57,4 55,3	3,9-4,1 3,7-3,9	3,5-4 3,5-4
Силикаттар Хризоколла	$CuSiO_3 \cdot nH_2O$	45 дейін	2,0-2,3	2 – 4

Кестеде келтірілген мыс минералдарының ішінде жиі кездесетіндері халькопирит, туынды сульфидтер: борнит, халькозин және ковеллин, тотықты минералдары: малахит және азурит, силикатты минералы: хризаколла.

Кенді байытуға дайындау үшін төмендегідей процестер қолданылады:

- 1) ірі ұсату;
- 2) орта және майда ұсату;
- 3) майда ұнтақтау және сұрыптау.

Көмекші процестер:

- 1) қойылту;
- 2) сүзу;
- 3) құрғату.

Барлық процестер ТМД елдерінде жасалған жабдықтармен іске асырылады. Фабрика құрамына төмендегідей цехтар мен бөлімдер кіреді:

- 1) ірі ұсату цехы;
- 2) орта және майда ұсату цехы;
- 3) бас корпус;
- 4) сүзу және кептіру цехы;
- 5) реагенттер бөлімі;
- 6) механикалық жөндеу бөлімі;
- 7) көмекші істер бөлімі;
- 8) басқару бөлімі.

Флотациялық байыту фабрикаларының барлық бөлімдерінің жұмысы флотациялау бөлімінің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етулері қажет.

Әсіресе, флотациялық концентраттарды сусыздандыру мақсатымен жүргізілетін процестер (қойылдыру, сүзу және құрғату) флотациялау бөлімімен синхронды атқарылуы қажет. Сол сияқты реагент бөлімінде қажетті реагенттердің ерітінділері белгілі көлемде дайындалып, флотациялау бөліміндегі шығындау чандарына график бойынша түсіріліп отыруы негізгі шарттардың бірі болып саналады.

Флотациялау процесінде алынатын технологиялық көрсеткіштерді жетілдіру барлық операциялардың параметрлерін қажетті деңгейде ұстаумен байланысты. Сондықтан олар үздіксіз (кейбірі үзілімді аралықта) бақыланып отырулары қажет.

Ол, байыту фабрикаларында технологиялық процестерді басқару үшін автоматикалық жүйелерді (АСУ ТП) пайдалану арқылы ғана іске асады.

## 2. Жобаланып отырған өндірістің технологиясы

### 2.1. Шикізат базасы шикізат сипаттамасы

Табиғатта 250 – ге жуық минералдардың құрамында мыс кездеседі, бірақ кен орындарында сирек кездеседі немесе пайдалы компонент үлесі аз болғандықтан өндірісте қолдану тиімсіз. Қазіргі таңда өндірісте тек 4 – 6 сульфидті минералдарды өңдейді. Олардың ішінде өңдеуге қолайлы және жиі кездесетіндеріне халькопирит, борнит, халькозин және ковеллинді атап айтуға болады.

Халькопирит ( $\text{CuFeS}_2$ ) біріншілік минералға жатады. Қалғандары борнит ( $\text{CuFeS}_2$ ), халькозин ( $\text{Cu}_2\text{S}$ ), және ковеллин ( $\text{CuS}$ ) туынды сульфидтер деп аталады. Себебі аталған минералдар халькопириттің бұзылуынан, ыдырауынан пайда болады. Аталған сульфидтер әр кен түрлерінде әртүрлі қатынаста болады. Көп жағдайда халькопирит үлесі жоғарырақ келеді, сондықтан ол ең негізгі минерал болып саналады.

Халькопирит терең жыныстарда, сол сияқты гидротермалдық минерал ретінде желілерде және шөгінді жыныстар арасында кездеседі. Олар кенде ұсақ сепкілді түрде болады. Халькопириттің түсі қою сары-фиолетті деуге болады. Онда мыс екі валентті ( $\text{Cu}^{2+}$ ) түрде. Ол күкіртпен суда ерігіштігі өте төмен мықты қосылыс жасайды. Оның суда ерігіштік көбейтіндісі  $3,5 \cdot 10^{-45}$  тең, не басқаша жазсақ  $[\text{Cu}^{+2}] [\text{S}^{-2}] = 3,5 \cdot 10^{-45}$ . Мыстың минералдағы валенттігі кенді флотациялау әдісімен байытқанда үлкен маңызы бар. Борнитте мыс жартылай екі, жартылай бір валентті болады. Халькозинде ( $\text{Cu}_2\text{S}$ ) ол бір валентті де, ол ковеллинде ( $\text{CuS}$ ) екі валентті.

Сульфидті мыс кендерін флотация әдісімен байытуда үлкен роль ойнайтын қасиетке сульфидтердің суда тотығу дәрежесін жатқызуға болады. Осы қасиетіне тоқталсақ халькопирит суда тотығу жылдамдығы бәсең, туынды сульфидтер суда тотығу жылдамдығы жоғары көрсетеді. Тотығу жылдамдығына минералдардың суда ерігіштігі тікелей байланысты, туынды сульфидтердің тотығуы жоғары келеді. Мыс сульфидтерінің жартылай өткізгіштік қасиеттері маңызды қасиетіне жатады. Флотореагенттермен әрекеттесуінде бұл қасиет үлкен роль ойнайды. Ол р-типті өткізгіштерге жатады.

*Мыс, Си* – элементтердің периодтық жүйесінің I-тобындағы химиялық элемент, атомдық нөмірі 29, атомдық массасы 63,546. Табиғатта тұрақты екі изотопы бар:  $^{63}\text{Cu}$  және  $^{65}\text{Cu}$ . Жер қыртысындағы массасы бойынша мөлшері 4,7.10–3%. Негізгі минералдары: халькопирит, халькозин, ковеллин, малахит, азурит. Пластикалық қызыл түсті металл, кристалл торы қырлары центрленген кубтық, тығыздығы 8,94 г/см<sup>3</sup>, балқу  $t$  1084,5°C, қайнау  $t$  2540°C, тотығу дәрежесі +1, +2. Құрғақ ауадағы бөлме температурасында тотықпайды. Қыздырғанда ауада  $\text{CuO}$  және  $\text{Cu}_2\text{O}$ -ға дейін тотығады, галогендермен, S, Se,  $\text{HNO}_3$ ,  $\text{H}_2\text{SO}_4$ -пен әрекеттеседі. Аммиак, цианидтермен, т.б. кешенді қосылыстар түзеді. Сульфид концентратын балқытып, одан түзілген мыс

штейнін қара мысқа дейін тотықтырып, оны жалынмен не электролиттік әдіспен тазарту арқылы; гидрометаллургиялық әдіс – құрамында мысы бар минералдарды күкірт қышқылымен (немесе  $\text{NH}_3$  ерітіндісімен) өңдеп, одан әрі электролиздеу арқылы алады. Мыс кабельдердің, электр қондырғылары мен жылу алмастырғыштардың ток өткізгіш бөлігін жасау үшін пайдаланылады; қорытпалардың (латунь, қола, мыс-никель, т.б.) құраушысы ретінде қолданылады.

Мыстың кларкі-0,01%, концентрациялану коэффициенті-200. Оның жоғарғы молшері қышқылдау гранитоидтарға, негізгі тау жыныстарға және кейде қышқылды гранитке тән.

Мыстың 240 минералы белгілі. Олардың ішінде өнеркәсіптік мәнге ие болатындары: сомтума мыс, халькопирит  $\text{CuFeS}_2$  (34% Cu), борнит  $\text{Cu}_5\text{FeS}_4$  (63%), ковеллин  $\text{CuS}$  (66%), халькозин  $\text{Cu}_2\text{S}$  (79,8%) солғын кен  $\text{Cu}_3(\text{AsSb})\text{S}_3$  (52-57%), куприт  $\text{CuO}_2$  (88,8%), малахит  $\text{Cu}_2\text{CO}_3(\text{OH})_2$  (57,4%), азурит  $\text{Cu}_3(\text{CO}_3)_2(\text{OH})_2$  (55,3%), хризаколла  $\text{CuSiO}_3 \cdot n\text{H}_2\text{O}$  (36,1%).

*Халькопирит* -  $\text{CuFeS}_2$ . Халькос грек сөзі қазақша мыс деген сөз. Халькопирит мысты пирит дегені.

Химиялық құрамы мыстан (34,57%), темірден (30,54%) және күкірттен (34,9%) тұрады. Қоспасы күміс пен алтын.

Халькопириттің қаттылығы 3-4, меншікті салмағы 4,2. Түсі қола сары, алтын сары, сызығы қара. Сингониясы тетрагондық, куб тәрізді. Жымдастығы нашар білінеді. Сыртқы бейнесі: кристалдары өте сирек, ол тек қуыстарда кездеседі.

Жаратылысы: Халькопирит жер бетінде тез өзгертілетін минералдың бірі. Халькопирит кейде негізгі тереңдігін жыныстарда, ең алдымен пневмометриялық және гидротермалық минерал есебінде желілерде кездеседі. Ол граниттермен байытылып, пирит пен молибденитпен, галенитпен, сфалеритпен, кварцпен бірге пайда болады. Халькопирит контактылық минерал. Сонымен қатар халькопирит кендері, кейде жер беті суларының қайталама байыту әсерінен пайда болатын шөгінді жыныстар арасында да кездеседі. Халькопирит мыстың ең негізгі кен минералы. Демек, халькопирит мыс өндіру үшін қолданылады.

*Борнит* –  $\text{Cu}_5\text{FeS}_4$ . Бұл табиғатта халькопиритпен бірігіп, кейбір жағдайда ғана қатты ерітінді құрайды. Бұл төмен температурада ыдырап кетеді. Химиялық құрамы тұрақты емес. Теориялық жағынан және формуласына қарай химиялық құрамы мынадай болып келеді. Cu-63,%, Fe -11,2%, S-25,5%. Қоспасы күміс.

Борниттің қаттылығы 2,5-3, меншікті салмағы 5-5,6, жаңа сынған жері құлпырған сарғыш келеді. Борниттің түсі мысқа ұқсас, сызығы қара сұр, жылтырлығы шала метал тектес.

Халькозин -  $\text{Cu}_2\text{S}$ . Халькозин формасының үш түрі бар: а) тұрақты түрі, сингониясы ромбалық, төмен температурада ( $91^\circ$ тан төмен) пайда болады. Мұны анық халькозин немесе  $\beta$ - халькозин дейді және б) екі жоғарғы температурадағы ( $91^\circ$ тан жоғары) күйі гексоген және куб. Халькозиннің

химиялық құрамы: мыс (Cu 79,9%), күкірт (S 201%), қоспасы: Ag, Fe, Co, Ni, As. Халькозиннің қаттылығы 2-3, меншікті салмағы 5,5, электр тоғын жақсы өткізеді.

*Қолданылуы* мыс жақсы электр және жылу өткізгіштік, химиялық төзімділік, майысқақтық, созылғыштық қасиеттерімен сипатталады. Сондықтан ол өнеркәсіптің әр түрлі салаларында: электротехникада, байланыс құралдарында (50%), машина жасауда (25%), құрылыс тамақ пен химия өнеркәсібінде (25%) пайдаланылады. Мыстың қалайымен, қорғасынмен, алюминиймен, кремниймен, бериллиймен, мырышпен, никельмен т.б. қорытпалары кеңінен белгілі.

Осы металға деген сұраныс жылдан жылға арта түсуде, әсіресе электр, химия өнеркәсібінде өте көп пайдаланылады. Техника дамыған сайын мыстың таза болу шарты талап етілуде. Егер 19 ғасырда мыстың тазалығы 99,5 пайыз болып қолдануға жарамды деп табылса, қазыргі техниканың дамыған заманында тазалығы 99,9 пайыздан кем болмауы керек.

Қазақстанда мыстың өнеркәсіптік мақсатта өндірілуі 1933-1937 жылдары жолға қойылып, Балхаш маңайында аса үлкен мыс қорыту зауыты салынып жұмыс істей бастады. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары мыс шығару жөнінен Қарсақпай мыс зауыты аса маңызды рол атқарды. Кейінірек Ертіс мыс қорыту зауыты, комбинаттың құрамына кіретін Жезқазған мыс қорыту зауыты (1972) салынды.

*Қоры мен өндірісі* мыстың жалпы әлемдік қоры (ТМДелдерін қоспағанда) 843млн. Тонна, барланғаны-466млн. тонна. Барланған қордың негізгі бөлігі АҚШ пен Чили (әрқайсысында 85 млн. тоннадан), Замбия мен Канада (29млн. тонна), Конго (25 млн. тонна) мен Перу (27 млн. тонна) кенорындарының үлесіне келеді. Мысты әлемнің 37 елінде өндіреді, оның мөлшері 6,3 млн.тоннаға жетеді; негізгі бөлігін(80%) АҚШ (1,1млн. тонна), Чили (1,4 млн. тонна), Канада (0,8 млн. тонна), Замбия, Конго, Австралия, Перу, Филиппин өндіреді. 1 тонна мыстың құны әлемдік биржада 1300-1600 доллар шамасында.

Қазақстан мыс кенінің қоры бойынша әлемде алдыңғы орындардың бірін алады. 30 кенорнының баланстық қоры бекітілген. Олардың ішінде қоры мен пайдалы қазбалардың жиынтығы бойынша бірегейі- Жезқазған кенорны. Ол- Республика мыс кен өнеркәсібінің ең үлкен шикізат базасы.

Ірі кенорындарына жататындар- Қоңырат, Ақтоғай, Айдарлы, Жаман Айбат, Бозшакөл, Көксай, Қасқырмыс, Нұрқазған кенорындары. Жалпы саны 70-ке жуық кенорындарының дербес мыс кендіге 30 кенорны жатады, қалғандары-жиынтықты, құрамында мыс бар кенорындар

2 кесте – мыстың күкіртті минералдарының сипаттамасы:

Минерал	Химиялық формуласы	Мыс мөлшері, %	Тығыздығы, г/см <sup>3</sup>
Таза мыс	Cu	100	8,8
Борнит	Cu <sub>5</sub> FeS <sub>4</sub>	63,3	5,0
Халькозин	Cu <sub>2</sub> S	79,8	5,7
Халькопирит	CuFeS <sub>2</sub>	34,6	4,2
Ковеллин	CuS	66,4	4,6
Дигенит	Cu <sub>2</sub> S	79,8	5,7
Энаргит	Cu <sub>3</sub> AsS <sub>4</sub>	48,3	4,4
Теннантит	3*Cu <sub>2</sub> S*As <sub>2</sub> S <sub>3</sub>	57,5	4,4
Тетраэдрит	3*Cu <sub>2</sub> S* Sb <sub>2</sub> *S <sub>3</sub>	52,1	4,8

### 2.3. Цехтардан жұмыс істеу режимдері және олардың өнімділігін есептеу

Таңдап алынған фабриканың өнімділігі жылына 4000000 тонн кен. Ұсату цехы кенішпен бірдей уақыт істейді, яғни жылына 305 күн, жұмыс істеу үш ауысымда 7 сағаттан тұрады. Ұсату цехының тәуліктік өнімділігін төмендегі формуламен анықтап аламыз:

$$Q_{\text{тәул.}} = Q_{\text{ж}} / N, \text{ т/тәул.}$$

мұнда-  $Q_{\text{тәул.}}$ -тәулік өнімділік, т/тәул.,

$N$  – фабриканың жылына жұмыс жасайтын күн саны

$$Q_{\text{тәул.}} = 4000000 / 305 = 13114,75 \text{ т/тәул.},$$

Сағаттық өнімділік келесі формула арқылы анықталады:

$$Q_{\text{сағ.}} = Q_{\text{тәул.}} / (m * n), \text{ т/сағ.},$$

мұнда-  $Q_{\text{сағ.}}$ -сағаттық өнімділік, т/сағ.,

$m$ -тәуліктегі жұмыс ауысымдарының саны;

$n$ -ауысымдағы жұмыс сағатының саны;

$\eta$  -кеннің физикалық қасиеттерінің бірдей еместігін есептейтін коэффициент,  $\eta=0,95$ .

$$Q_{\text{сағ.}} = 13114,75 / (3 * 7 * 0.95) = 657,38 = \text{т/сағ.}$$

Фабриканың бас корпусы жылына 340 күн жұмыс істейді.

Жұмыс атқаратын құрал-жабдықтардың қозғалу коэффициентін ескере отырып, тәулік өнімділікті есептеуде технологиялық жобалау нормаларына сәйкес бас корпусстың жұмыс күндерінің санын 340-тен деп қабылдаймыз.

$$Q_{\text{тәул.}} = 4000000 / 340 = 11764,7 \text{ т/тәул}$$


Бас корпус 3 ауысымда 8 сағаттан жұмыс істейді, оның сағаттық өнімділігі:

$$Q_{\text{сағ.}} = 11764,7 / (3 * 8 * 0.95) = 515,9 \text{ т/сағ.}$$

#### 2.4. Ұсату схемасын таңдау және есептеу

Кен байытуда үлктн роль атқаратын процесс ктнді алдын – ала дайындау процесстері. Қазіргі танда жер қойнауындағы қорларды4 пайдалы компоненттердің үлесі төмен болғандықтан, кен комплексті кездесетіндіктен дайындау процесстері қажет. Ұсату процесі кен кеніштен түсетін кездес алғашқы өндеу процесіне жатады. Кеннің жер бетінен немесе карьерлерден алынуына байланысты көлемі өзгермелі келеді. Жалпы ұсату процесі 3 сатыдан тұрады. Оларға майда, орта және майда ұсату сатылары. Кен түйіршігі 5 мм – ге дейін ұсатылса, ұсату процесіне одан әрі ұнтақтауға жатады.

Жобаланатын өндіріс орнының кеннің құрамындағы ең ірі кесектің диаметрі 700 мм. Ұсатылған кен кесегі 10 мм болу керек. Кеннің қаттылығы  $d=10$ . Белгілі болған параметрлер арқылы ұсату схемасын тандап алуға болады. Тандап алынған ұсату схемасы 3 сатылы ұсатудан тұрады, әр 3 ұсату сатысының алдында елеу процесі жүргізіледі.



Сурет 1 – Үш сатылы ұсату сұлбасы.

Жалпы ұсату дәрежесі :

Төмендегі формула бойынша жалпы ұсату дәрежесін анықтаймыз:

$$S_{\text{жалпы}} = \frac{D_{\text{max}}}{d_{\text{max}}} = \frac{700}{10} = 70$$

Орта ұсату дәрежесін анықтаймыз:

$$S_{\text{орт}} = \sqrt[3]{S_{\text{жалпы}}} = \sqrt[3]{70} = 4,12$$

- 1) Процеске түсетін кеннің номиналды ең ірі кесегі: 950 мм;
- 2) Ұсатылған кеннің номиналды ірілігі:  $d_H=10$  мм;
- 3) Протодьяконов бойынша кен қаттылығының коэффициенті:  $f=12$ ;
- 4) Кен ылғалдылығы:  $W=7\%$ ;
- 5) Кеннің орта өлшемді тығыздығы:  $2,7$  т/м<sup>3</sup>;
- 6) Кеннің үйінді тығыздығы:  $1,65$  т/м<sup>3</sup>;
- 7) Ұсатудың 1-ші сатысында салыстырмалы жоғарғы ірілік конусты ұсатқыш үшін  $z=1.6$ -ға тең.

Ұсатудың жеке дәрежелері:

ұсату аппараттарының технологиялық сипаттамасына сәйкес 1-сатыдан кейін кен ірілігі 300мм. Олай болса оның ұсату дәрежесі :

$$S_{\text{ж}} = S_1 \cdot S_2 \cdot S_3 ;$$

$$S_I = D_{\text{max}}/d_I=700 / 300= 2,3 ;$$

$$S_{II} = S_{\text{орт}} = 4,12;$$

$$S_{III} = \frac{S_{\text{ж}}}{S_I \cdot S_2} = \frac{70}{2,3 \cdot 4,12} = 7,4$$

Ұсатылған кеннің номиналды іріліктері:

I сатыдан кейін:

$$d_1 = D_{\text{max}}/S_1 = 700/2.3 = 304\text{мм}$$

II сатыдан кейін:

$$d_2 = d_1/s_2 = 304/4.12 = 74 \text{ мм}$$

III сатыдан кейін

$$d_3 = d_2/s_3 = 74/7.4 = 10$$

Ұсатқыштар жырығының мөлшері:

$$i = \frac{d_1}{z_1} = \frac{304}{1.3} = 234 \text{ мм,}$$



$$i = \frac{d_2}{z_2} = \frac{74}{1.7} = 44\text{мм},$$

мұнда  $z$  - сандық маңызын белілі сипаттамаға сәйкес кеннің қаттылығы мен әр ұсату сатыларын ескере отырып қабылдаймыз.

### Елеу тиімділігі және елегіш беттің өлшемі:

II саты үшін:  $a_2 = d_2 = 74\text{мм}$ ;

$E_2 = 80\%$  ;

III саты үшін:  $a_3 = d_3 = 10\text{мм}$ ;

$E_3 = 85\%$ .

### Өнімнің ірілік сипаттамасын есептеу

2.1 кесте – 3 – ші өнімнің ірілік сипаттамасы,  $d_H = 304$  мм,  $b_p = 234\text{мм}$

Анықталатын класс, $b_p$	Класс ірілігі, мм	«+» бойынша класс шығыны, %	«-» бойынша класс шығыны, %
$0,2 \cdot b_p$	46,8	90	10
$0,4 \cdot b_p$	93,6	80	20
$0,8 \cdot b_p$	187,2	50	50
$1,2 \cdot b_p$	281	25	75
$Z_1 \cdot b_p$	304	5	95

2.2 кесте – 4-ші өнімнің ірілік сипаттамасы

Класс ірілігі, мм	«-» бойынша класс шығыны, %	«+» бойынша класс шығыны, %
46,8	$\beta_4^{-46,8} = \beta_0^{-46,8} + b_0^{+234} \cdot \beta_3^{-46,8} = 1,6 + 0,79 \cdot 10 = 9,5$	90,5
93,6	$\beta_4^{-93,6} = \beta_0^{-93,6} + b_0^{+234} \cdot \beta_3^{-93,6} = 7 + 0,79 \cdot 20 = 22,8$	77,2
187,2	$\beta_4^{-187,2} = \beta_0^{-187,2} + b_0^{+234} \cdot \beta_3^{-187,2} = 18 + 0,79 \cdot 50 = 57,5$	42,5
281	$\beta_4^{-281} = \beta_0^{-281} + b_0^{+281} \cdot \beta_3^{-281} = 30 + 0,70 \cdot 75 = 82,5$	17,5
304	$\beta_4^{-304} = \beta_0^{-304} + b_0^{+304} \cdot \beta_3^{-304} = 35 + 0,65 \cdot 95 = 96,75$	3,25

2.3 кесте – 7-ші өнімнің ірілік сипаттамасы,  $d_H = 74$  мм,  $b_p = 44$  мм


Анықталатын класс, $d_H$	Класс ірілігі, мм	«+» бойынша класс шығыны, %	«-» бойынша класс шығыны, %
$0,2 \cdot d_H$	14,8	82	18
$0,4 \cdot d_H$	29,6	58	42
$0,6 \cdot d_H$	44,4	32	68
$0,8 \cdot d_H$	59,2	15	85
$1 \cdot d_H$	74	5	95

## 2.4 кесте – 8-ші өнімнің ірілік сипаттамасы

Класс ірілігі, мм	«-» бойынша класс шығыны, %	«+» бойынша класс шығыны, %
14,8	$\beta_8^{-14,8} = \beta_4^{-14,8} + b_4^{+44} \cdot \beta_7^{-14,8} = 2 + 0,96 \cdot 18 = 19,28$	80,72
29,6	$\beta_8^{-29,6} = \beta_4^{-29,6} + b_4^{+44} \cdot \beta_7^{-29,6} = 3 + 0,96 \cdot 42 = 43,32$	56,68
